

«Астана - Энергия» акционерлік қоғамы

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
жеке Қаржылық есептілік**

және Аудиторлық есеп.

МАЗМҰНЫ

БЕТ

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ
БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫЗ**

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ 4-7

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:**

Қаржылық жағдай туралы есеп 8

Пайда мен залал туралы есеп 9

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп 10

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп 11

Қаржылық есептілікке берілген ескертпелер 12-37



**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ.**

Тәуелсіз аудитор есебінің 4-7 бетінде берілген басшылық пен тәуелсіз аудиторлардың міндеттері сипаттамасымен бірге қаралуға тиіс төмендегі растау «Астана – Энергия» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») басшылығы мен тәуелсіз аудиторлардың қаржылық есептілікке қатысты жауапкершілігінің ара-жігін ажырату мақсатында жасалған.

Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық есептілікті 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталындағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсететіндей етіп дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясатының принциптерін дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге де оқиғалардың немесе талаптардың Қоғамның қаржылық жағдайы мен қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін есептілікті пайдаланушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Қоғамның жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар мыналар:

- Қоғамда ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген сәтте Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына және Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есептің тиісті жүйесін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ға сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық, қателіктер және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу үшін жауап береді.

Басшылық Қоғам жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деп негізбен топшылайды. Сәйкесінше қаржылық есептілік үздіксіз қызмет қағидатыне сәйкес дайындалған.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жыл бойынша осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы 24 жылғы 2020 шілдеде бекітті.

Қоғам басшылығы атынан қол қойған:

Басқарма төрағасы

Е.Т. Есенжолов

Қолы, күні

Бас бухгалтер

М.С. Шарипова

«Аудиторская компания Азия «KZT»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ҚР аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға
ҚР ҚМ 11.03.2016ж. берген №16004604
мемлекеттік лицензия

«Бекітемін»
«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС
директоры



Г.Ш.Абитеева

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Астана – Энергия» АҚ
акционерлері мен басшылығына

Қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша қорытынды

Түсіндірме берілген пікір

Біз 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда мен залалдар туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, түсіндірме жазбадан тұратын «Астана – Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі -«Қоғам» деп аталатын) ұйымының қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, біздің қорытындымыздың «Түсіндірме берілген пікір білдіру үшін негіз» бөлімінде баяндалған мәселенің ықпалын қоспағанда, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қоғамның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерін, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес оның көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Түсіндіме берілген пікір

Біз 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда мен залалдар туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, түсіндірме жазбадан тұратын «Астана – Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі -«Қоғам» деп аталатын) ұйымының қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, біздің қорытындымыздың «Түсіндірме берілген пікір білдіру үшін негіз» бөлімінде баяндалған мәселенің ықпалын қоспағанда, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қоғамның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерін, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес оның көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Түсіндірме берілген пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік.

Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлер үшін этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі Кәсіби бухгалтерлер

кеңесінің этика кодексіне (БЭХСК кодексі) сәйкес Қоғамға қатысты тәуелсізбіз және біз, сонымен бірге, осы БЭХСК кодексінде белгіленген басқалай этикалық міндеттерді де орындадық.

Біз 2019 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қорларды түгендеудің жүргізілгенін бақыламадық, өйткені бұл күн біздің Қоғам аудиторлары ретінде тағайындалуымыздың алдында болған.

Аудит жүргізу кезеңінде «Астана-Энергия» АҚ-ның негізгі құралдарына жоспардан тыс түгендеу жүргізу туралы» 16.07.2020 ж. №662 бұйрыққа және «Қашықтықтан жұмыс туралы» 16.06.2020 ж. № 03/253 бұйрыққа сәйкес Қоғам фототүсірілім тәсілімен негізгі құралдардың бар-жоғын растайтын құжаттарды ұсынды.

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирусының таралуының алдын алу мақсатында «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Карантиндік қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 44 қаулысына сәйкес Қоғам аумағына кіру мүмкін болмады, аудиторлық рәсімдер қашықтықтан жүргізілді, бұл аудиттің толыққанды көлемінің шектелуіне себеп болды.

Қаржылық есептілікке әсері соншалықты маңызды емес және терең емес болғандықтан, бұл түсіндірмемен пікір (шартты оң пікір) білдіруге негіз болды.

Аудиттің негізгі мәселелері

Біз «Пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған мәселеден басқа, біздің қорытындыда хабарлау қажет аудиттің өзге де негізгі мәселелері жоқ екенін анықтадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ға сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық теріс пиғылды іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Қоғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі жөнінде жорамал негізінде есептілікті жасау үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қоғамның қаржылық есептілігін қадағалауға, дайындауға жауапты болады.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ екеніне ақылға қонымды көз жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды көз жеткізу - бұл жоғары деңгейдегі көз жеткізу болып табылады, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалануларды болған кезде әрқашан анықтайтынына кепілдік болмайды. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттердің немесе

қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-дара немесе біртұтас алғанда осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, бұл бұрмалаулар елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және тұтастай аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірбілдіруіміз үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Теріс пиғылды іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау қаупі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені теріс пиғылды іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісінше ашылуын бағалаймыз;

- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – олардың нәтижесінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздіктің бар-жоғына қатысты қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісінше ашылуына назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпарат тиісінше ашылмаса, біз пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытындымызға дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- ақпаратты ашуды қоса алғанда, қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуына, оның құрылымы мен мазмұнына, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей ұсынатындығына бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыра отырып, олардың назарына, басқа ақпараттармен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал ететін деп негізді түрде санауға болатын барлық өзара қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайда тиісті сақтық шаралары туралы осы тұлғаларға хабарлағанымыз туралы мәлімдеме береміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген сұрақтардың ішінен біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын және, сәйкесінше, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілік.

анықтаймыз. Егер осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынса немесе өте сирек жағдайлардағыдай, мұндай ақпаратты таратудың теріс салдары оны хабарлаудан келетін қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде болжанғанда, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындыда хабарланбауы тиіс деген қорытындыға келген жағдайларды қоспағанда, біз бұл мәселелерді аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз.

Аудитор

**«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС
директоры**



Г.Ш. Абитеева

Астана қ., Е-10 көшесі, 17 С үйі, 1 кеңсе

ҚР аудиторларын аттестаттау жөніндегі

Қазақстан аудиторлар одағының Біліктілік комиссиясы

09.11.2015ж. берген № МФ-0000291 аудитордың біліктілік куәлігі

Аудитор ассистенті

У.Д. Досмағамбетова

**Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындыны бекіту күні
2020 жылғы 24 шілде.**



2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілік

	Ескертпе	<u>31.12.2019</u>	<u>31.12.2018</u>
<i>Ұзақ мерзімді активтер</i>			
Негізгі құралдар	4	16 571 764	19 643 438
Материалдық емес активтер	5	64 073	65 280
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	6	8 319 598	7 958 103
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		24 955 435	27 666 821
<i>Қысқа мерзімді активтер</i>			
Қорлар	7	2 463 733	2 012 762
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	8	4 347 048	4 786 309
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	9	1 557 967	513 400
Ақшалай қаражат	10	1 270 737	2 197 002
Қысқа мерзімді активтердің жиыны		9 639 485	9 509 473
Баланс		34 594 920	37 176 294
<i>Капитал</i>			
Жарғылық капитал	11	8 284 636	8 284 636
Қосымша төленген капитал	11		
Өзге жиынтық табыстың құрауыштары	11	142 999	142 999
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	11	6 402 210	144 702
Барлық капитал		16 704 629	24 677 968
		31 534 474	33 250 305
<i>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</i>			
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	21	607 471	1 545 238
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		607 471	1 545 238
<i>Қысқа мерзімді міндеттемелер</i>			
Өзге де кредиторлық берешек	12	590 559	559 184
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	14	339 407	
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	13	1 086 149	1 148 341
Өзге де салықтар бойынша берешек	15	436 860	453 651
		776 267	
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		2 452 975	2 380 751
Баланс		34 594 920	37 176 294

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер



Е.Т. Есенжолов

М.С. Шарипова



31.12.2019ж.
аяқталған жыл бойынша өзге жиынтық табыстағы
пайда немесе залал туралы есеп

(мың теңгемен)

	Ескертпе	<u>2019</u>	<u>2018</u>
		26980 765	32 886 386
Тауарларды сату мен қызметтер көрсетуден түскен табыс	16		
Негізгі емес қызметтен алынған кірістер	17	234 862	199 425
Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	18	(24 564 959)	(23 575 419)
Жалпы пайда		2 650 668	9 310 967
Өкімшілік шығыстар	19	(1 552 737)	(1 853 702)
Өзге табыстар		427 288	186 447
Өзге шығыстар	20	(12 223 726)	(1 879 610)
Қаржыландыру табыстары		260 343	335 255
Қаржыландыру шығыстары			
Салық салғанға дейінгі пайда		(10 438 164)	6 298 782
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(2 461 533)	1 416 599
Жыл бойынша пайда		(7 976 631)	4 882 183
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан амортизация аударымдары		6 257 506	1 188
Өзге жиынтық пайда		6 257 506	1 188
Жалпы жиынтық пайда		(1 719 125)	4 883 371

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер



Е.Т. Есенжолов

М.С. Шарипова

туралы есеп (тікелей әдіс)

(мың теңгемен)

20192018

	<u>2019</u>	<u>2018</u>
1. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы		
<i>Ақша қаражатының түсуі, барлығы</i>	31 008 671	37 017 920
- тауарлар мен қызметтерді өткізуден	25 762 568	32 500 188
- алынған аванстар	4 394 622	4 185 846
- алынған сыйақылар	222 008	-
- сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	-	1 310
- ақша қаражатының өзге де түсімдері	629 473	330 576
<i>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</i>	(29 599 184)	(29 995 096)
- тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер	(20 316 537)	(19 583 630)
- берілген аванстар	(843 389)	(884 172)
- еңбекақы бойынша төлемдер	(3 865 815)	(3 413 192)
- сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	(44 609)	(39 853)
- табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	(3 167 477)	(4 921 993)
- өзге төлемдер	(1 361 357)	(1 152 256)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	1 409 487	7 022 824
2. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
<i>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</i>	(2 335 709)	(2 862 709)
- негізгі құралдарды сатып алу	(1 074 718)	(2 834 693)
- материалдық емес активтерді сатып алу	(57 349)	(28 016)
- өзге төлемдер	(1 203 642)	
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(2 335 709)	(2 862 709)
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
<i>Ақша қаражатының түсуі, барлығы</i>	-	411 133
- қарыздар алу	-	-
- сыйақылар алу	-	285 632
- өзге түсімдер	-	125 501
<i>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</i>	-	(2 825 000)
- қарыздарды өтеу	-	-
- сыйақы төлеу	-	-
- дивидендтерді төлеу	-	(2 825 000)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы		(2 413 867)
<i>Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері</i>	(43)	(39)
Есептік кезеңге ақша қаражатының жалпы өзгерісі	(926 265)	1 746 209
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ		
КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНА	2 197 002	450 793
КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНА	1 270 737	2 197 002
Басқарма төрағасы	Е.Т. Есенжолов	
Бас бухгалтер	М.С. Шарипова	

**31.12.2019 ж. аяқталатын жыл ішіндегі
капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

(мың теңгемен)

	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Эмиссиялық табыс</i>	<i>Өзге жиынтық табыстың құрауыштары</i>	<i>Бөлінбеген</i>	<i>Өзге капитал</i>	<i>Барлық капитал</i>
Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо	8 284 636	142 999	182 065	22 619 597	-	31 229 297
Жалпы жиынтық кіріс			(1 188)	4 883 371		4 882 183
Бір жылдағы пайда (залал)				4 882 183		4 882 183
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)			(1 188)	1 188		-
Дивидендтерді төлеу				(2 825 000)		(2 825 000)
Өзге операциялар			(36 175)			(36 175)
Есептік жылдың 1 қаңтарына сальдо	8 284 636	142 999	144 702	24 677 968		33 250 305
Бір жылдағы жиынтық табыс				(1 719 125)		(1 719 125)
Бір жылдағы пайда (залал)				(7 976 631)		(7 976 631)
Негізгі қаражатты қайта бағалау				6 257 506		6 257 506
Меншік иелерімен өзге де операциялар			6 257 508	(6 254 214)		3 294
Дивидендтерді төлеу						
Есептік жылдың 31 желтоқсанына сальдо	8 284 636	142 999	6 402 210	16 704 629		31 534 474

Басқарма төрағасы

Е.Т. Есенжолов

Бас бухгалтер

М.С. Шарипова

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША «АСТАНА-ЭНЕРГИЯ» АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ БСКӨРТПЕЛЕР БЕРІЛГЕН ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА.

1. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) резиденті – заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 04 қарашада тіркелген БСН 041140002811.

Заңды және нақты мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, 69-өткел, 18-ғимарат.

Қоғамның жалғыз акционері «Астанаэнергосервис» АҚ (бұдан әрі-Акционер) болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі түрі Нұр-Сұлтан қаласы үшін қызыл жылу энергиясын өндіру болып табылады. Электр энергиясын өндіру және жылу энергиясын жіберу Компанияның құрылымдық бөлімшелері болып табылатын ЖЭО-1 және ЖЭО-2-де жүргізіледі. Қоғам Нұр-Сұлтан қаласында жылу энергиясын жалғыз жеткізуші болып табылатындықтан, операциялық қызмет «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) реттеледі. Заңға сәйкес Қоғамның жылу энергиясын өндіру жөніндегі тарифтері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен (бұдан әрі – Комитет) келісілуі және үйлестірілуі тиіс. Негізгі сатып алушылар «Астанаэнергосбыт» ЖШС (бұдан әрі – Энергосбыт) және энергия тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін байланысты тараптар: «Астанатеплотранзит» АҚ (бұдан әрі – Теплотранзит) және «Астана-өңірлік электржелілік компаниясы» АҚ (бұдан әрі - АӨЭК) болып табылады.

Қызметкерлердің 2019 жылғы орташа тізімдік саны-1493 адам (2018 жылы - 1494 адам).

1.2. Іскерлік ахуал және Қазақстанның елдік тәуекелі.

Қоғамның қызметі Қазақстанда бизнес жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырағыш. Бұл тәуекелдер үкімет саясатының, экономикалық жағдайлардың, салық және құқықтық салалардағы өзгерістердің, валюта бағамдарының ауытқуы мен жүзеге асырылғыштығының, келісімшарттық құқықтардың салдарын қамтиды.

Қаржылық есептілік басшылықтың Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың Қоғамның қызметі мен қаржылық жағдайына ықпалын бағалауын көрсетеді. Болашақ экономикалық жағдайлар басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

1.3. Қаржылық тәуекелдерді басқару

(i) Қоғам сыртқы нарықта сатып алынатын тауарлар үшін валютамен және ішкі нарықта сатылатын тауарлар үшін теңгемен белгіленетін бағалардың ауытқу тәуекеліне ұшырағыш. Қоғам бағаның ауытқу қаупіне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

(ii) Қоғам валюталық тәуекелге ұшырағыш. Мұндай ұшырағыштық Қоғамның функционалдық валютасынан өзгеше валютада сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға байланысты туындайды. Қоғамның функционалдық валютасы теңге болып табылады. Мұндай валюталық тәуекелдің пайда болуына әкелетін валюта негізінен АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі болып табылады. Қоғам өзінің валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу жөнінде мәмілелер жасамайды.

(iii) Қоғам кредиттік тәуекелге ұшырағыш.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілік.

Қоғам қаржы активтеріне қатысты кепілді талап етпейді. Қоғамның саясаты белгілі бір сомаға кредитке сатып алғысы келетін клиенттердің несиелік қабілетін бағалау болып табылады. Қоғам мұндай ұшырағыштықты барынша азайту үшін өзінің үмітсіз қарыздардың тәуекелдеріне ұшырағыштығын үнемі қадағалап отырады.

1.4. Қызметтің үздіксіздігі

Қоғамның ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығы елдегі, сондай-ақ әлемдегі экономикалық тұрақтылыққа, Қазақстан Республикасындағы саяси және кәсіпкерлік ортадағы өзгерістерге байланысты. Қазіргі уақытта осы мәселенің түпкілікті нәтижесін анықтау мүмкін болмағандықтан, қаржылық есептілікте осы белгісіздіктің нәтижесі болуы мүмкін қандай да бір түзетулер жоқ. Мүндай түзетулер, егер бар болса, оларды көрсету қажеттілігі айқын болатын және олардың сандық мәндерін бағалауға болатын кезеңде Қоғамның қаржылық есептілігінде корсетілетін болады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қоғамның қаржылық есептілігі «Жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін (қаржы ұйымдарына басқа) жылдық қаржылық есептіліктің тізбесін және нысандарын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес, ХҚЕС бойынша Комитеттің бұрын қабылдаған барлық стандарттары мен түсіндірмелерін қоса алғанда, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

2.2. Басшылықтың бағалаулары мен жорамалдары

Қаржылық есептілікті дайындау есептілікте көрсетілген активтер сомалары мен міндеттемелерге қатысты бағалаулар мен жорамалдарды басшылықтың дайындауын және қаржылық есептілікті жасау күніндегі шартты активтер мен міндеттемелер және есептілікте көрсетілген есепті кезеңдегі пайда мен шығын сомалары туралы ақпаратты ашуды көздейді. Неғұрлым маңызды бағалаулар негізгі құралдардың қызмет ету мерзіміне және күнсыздануына, дебиторлық берешектің күнсыздануына, кейінге қалдырылған салықтардың мөлшерін анықтауға қатысты.

Бағалар мен олардың негізінде жатқан жорамалдар үнемі тексеріліп отырады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер, егер өзгеріс тек сол кезеңге ғана ықпал ететін болса, бағалау қайта қаралатын кезеңде немесе егер өзгеріс ағымдағы және болашақ кезеңдерге ықпал ететін болса, өзгеру кезеңінде және болашақ кезеңдерде танылады.

Көрсетілген бағалаулар мен жорамалдарға қатысты белгісіздік болашақта оларға қатысты бағалаулар мен жорамалдар қолданылатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын түзетуге әкелуі мүмкін.

2.3. Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Функционалдық валюта және Қоғамның қаржылық есептілігі ұсынылатын валюта теңге болып табылады. Теңге Қоғамның функционалдық валютасы болып табылады, өйткені ол Қоғамда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мәнін көрсетеді.

Егер басқаша көрсетілмесе, қаржылық есептіліктегі барлық сомалар мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

31.12.2018ж. күйі бойынша:

АҚШ доллары-1 АҚШ доллары үшін 384,2 теңге бағамы бойынша;

еуро- 1 еуро үшін 439,37 теңге бағамы бойынша;

Ресей рублі-1 Ресей рублі үшін 5,52 теңге бағамы бойынша.

31.12.2019ж. күйі бойынша:

АҚШ доллары-1 АҚШ доллары үшін 381,18 теңге бағамы бойынша;

еуро- 1 еуро үшін 426,85 теңге бағамы бойынша;

Ресей рублі-1 Ресей рублі үшін 6,17 теңге бағамы бойынша.

2.4. Үздіксіз қызмет қағидаты

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қоғамның жұмыс істейтінін және жақын болашақта да жұмыс істейтінін ескеріліп дайындалды. Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікте, егер Қоғам өз қызметін үздіксіздік қағидаты негізінде жалғастыра алмайтын жағдайда қажетті түзетулер қамтылмайды. Ықтимал түзетулер Қоғамның қаржылық есептілігіне оларды көрсету қажеттілігі айқын болған кезде және олардың сандық мәнін сенімді бағалау мүмкін болған кезде енгізілуі мүмкін.

2.5. Есептеу қағидаты

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалған. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ Қоғамның экономикалық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ төлем уақытына қарамастан, олардың жасалу факті бойынша оның қаржылық жағдайына әсер ететін оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар тиісті кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

2.6. Қаржылық есептілік элементтерін тану

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке қаржылық есептілік элементтерінің анықтамасына және оларды тану талаптарына жауап беретін барлық операциялар мен оқиғалар енгізілген:

- Қоғам объектімен байланысты кез-келген экономикалық пайда алынатынына (немесе жоғалатынына) сенімді;
- объектінің сенімді өлшеуге болатын құны немесе бағасы бар.

Қаржылық есептіліктің барлық элементтері қоса беріліп отырған бухгалтерлік баланста және кірістер мен шығыстар туралы есепте бап түрінде берілген. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Қоғам қызметіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескере отырып жүргізілді.

2.7. Ұсыну реттілігі

Қаржылық есептілікте баптарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесіге дейін сақталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды елеулі қайта қарау қаржылық есептілікті ұсынуға өзгерістер енгізу қажеттілігіне себеп болуы мүмкін. Қоғам, егер ұсынудың өзгертілген нысаны қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін сенімді және неғұрлым маңызды ақпарат берген және қайта қаралған құрылым сақталған және ақпараттың салыстырмалылығы зардап шекпеген жағдайда ғана ұсынылатын қаржылық есептілікке өзгерістер енгізеді.

2.8. Өзара есепке алу

Қоғам қандай да бір стандартпен рұқсат етілген немесе талаш етілген жағдайларды қоспағанда, активтер мен міндеттемелерді, табыстар мен шығыстарды өзара есепке алуды жүргізбейді.

2.9. Құнды бағалауға арналған база

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік тарихи құн негізінде дайындалды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қоғам 2019 жылға арналған қаржылық есептілікті дайындау кезінде активтердің, міндеттемелердің және капиталдың барлық түрлеріне қатысты есеп саясатының қағидаттарын қолданды.

3.1. Ақшалай қаражат және олардың баламалары

Ақша қаражаты - бұл кассадағы және банктегі есепшоттағы ақша. Ақша баламалары үш айдан аспайтын өтеу мерзімі бар ақшақаражатының белгілі бір сомасына айырбастауға дайын және құнның өзгеруінің азғантай тәуекелімен байланысты қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар болып табылады.

3.2. Қаржы құралдары

Қаржы құралдарын бастапқы тану

Қоғам қаржы құралдарына қатысты шарт бойынша тарап болған кезде қаржылық активтер мен міндеттемелерді таниды.

Қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша танылады, оған қоса, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері мен міндеттемелері жағдайында, қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар, пайда немесе шығындар арқылы танылады.

Қаржы активтері

Қоғам ХҚЕС (IAS 39) әрекет ету саласындағы өзінің қаржылық активтерін былайша жіктейді:

- пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- қарыздар және дебиторлық берешек;
- өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар;
- сату үшін қолда бар қаржы активтері.

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаттары, сауда дебиторлық берешек және талап ету құқығын беру шарты бойынша дебиторлық берешек кіреді.

Қарыздар және дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек-бұл тіркелген немесе анықталған төлемдері бар белсенді нарықта баға белгіленбейтін туынды емес қаржы активтері болып табылады. Бастапқы бағалаудан кейін қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздануға арналған резервті шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша есепке алынады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде туындаған жеңілдіктер немесе сыйлықақылар ескеріле отырып есептеледі және тиімді пайыздық

мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссияларды және мәміле жасау шығындарын қамтиды. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация пайдадағы немесе заллаалдардағы қаржыландырудан түскен табыстардың құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар өзге шығыстардың құрамына енгізіледі.

Әділ құн

Әділ құн қаржы құралын сату кезінде алынуы немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін бағаны білдіреді.

Ұйымдастырылған қаржы нарықтарында белсенді айналыстағы қаржы активтерінің әділ құн есепті күнге жұмыс күнінің соңында өлшенуі үшін нарықтық баға белгілеуі негізге алынып айқындалады. Нарықта баға белгіленбейтін инвестициялар үшін әділ құн бағалаудың әртүрлі әдістемелерін қолдану жолымен айқындалады. Мұндай әдістемелер коммерциялық негізде жүргізілген ең соңғы мәмілелердің бағаларын пайдалануды; осындай құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалануды; дисконтталған ақша ағындарын талдауды және опциондарды бағалау моделін қамтиды.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және жиынтық сома, егер бұл үшін таңылған сомаларды өзара есепке алу үшін заңды негіздер және тараптардың негізде есепке жатқызу немесе активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау ниеті болған жағдайда бухгалтерлік баланста көрсетіледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қоғам қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің бар-жоғын бағалайды.

Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы егер активтің бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқиғалардың («шығын оқиғасы») нәтижесінде құнсызданудың объективті белгілері болған жағдайда қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша болжанатын болашақ ағындарға шынайы бағалауға сай келетіндей әсер еткен жағдайда ғана туындайды. Қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілеріне актив иесіне белгілі болған шығынның мынадай оқиғалары туралы ақпарат жатады: эмитент (борышкер) бастап кешіп отырған елеулі қаржылық қиындықтар, шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, негізгі борыштың пайыздарын немесе сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; қарыз алушының банкроттығы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығы; кредитор басқа қандай да болмасын жағдайларда мұндай шешім қабылдамайтындай, кредитордың қарызшының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық немесе заңды себептер бойынша жеңілдікті жағдайлар ұсынуы. Мұндай дәлелдерге, сондай-ақ қаржы құралы бойынша, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің немесе борыштарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан бас тартумен белгілі бір өзара байланыста болатын ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты, бағалауға болатын күтілетін болашақтағы ақша ағындарының төмендеуін көрсететін бақыланатын деректер де жатады. Үлестік құралға салынатын инвестициялардың құнсыздануының объективті белгілері эмитент қызметін жүргізетін техникалық, нарықтық, экономикалық немесе заңды ортадағы қолайсыз салдарлары бар елеулі өзгерістер туралы ақпаратты қамтиды және үлестік құралға инвестициялардың құны өтелмеу ықтималдығын көрсетеді.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері үшін Қоғам алдымен өзіндік мәні бар қаржы активтеріне қатысты жеке негізде және өзіндік мәні жоқ қаржы активтеріне қатысты жеке немесе жиынтық негізде құнсызданудың объективті

белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер Қоғам өзіндік мәні бар, сондай-ақ өзіндік мәні жоқ жеке бағаланатын қаржы активіне қатысты құнсыздандудың объективті белгілерінің жоқтығын айқындаса, онда ол мұндай активті кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтері тобына енгізеді және жиынтық негізде оларды құнсыздану мәніне бағалайды. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын, олар бойынша құнсызданудан болған шығын танылған немесе бұрынғысынша танылатын активтер құнсыздандуды жиынтық бағалауға енгізілмейді.

Қарыздардың және дебиторлық берешектің құнсыздануынан немесе амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды өтеуге дейін ұсталатын шығындардың объективті белгілері болған кезде залалдың шамасы активтің баланстық құны мен осы қаржы активі үшін бастапқы тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша есептелген ақша қаражатының болжалды болашақ ағындарының дисконтталған құны (әлі келтірілмеген болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) арасындағы айырма ретінде анықталады. Активтің баланстық құны тікелей немесе бағалау резервінің шоты арқылы азайтылуы тиіс. Құнсызданудан болған шығын сомасы кезеңнің пайдаларындағы немесе залалдарындағы шығындар құрамына енгізіледі.

Егер кейінгі кезеңде активтердің құнсыздануынан болған залалдың шамасы азайса және бұл азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғамен (мысалы, дебитордың кредиттік рейтингінің артуы) объективті түрде байланыстырылса, онда құнсызданудан болған бұрын танылған шығын бағалау резервінің шотын түзету арқылы реверсияланады. Егер қаржы активінің құнын алдыңғы есептен шығару кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы кезеңдегі пайданемесе залалдардағы шығындардың құрамында танылады.

Қаржы активін тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) бухгалтерлік баланста танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының әрекет ету мерзімі аяқталса;
- Қоғам активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын тапсырса не «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және елеулі кідіріссіз алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алса; және (а) Қоғам активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе, не (б) Қоғам активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылау берсе.

Егер Қоғам активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе, не транзиттік келісім жасаса және бұл ретте активтен барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оларды өзінде сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, жаңа актив Қоғамның берілген активке өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде танылады. Бұл жағдайда Қоғам да тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Қоғам сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі көлемдердің ең аздығына қарай танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе Қоғамтөлеуді талап етуі мүмкін ең көп сома.

Қаржылық міндеттемелер

Қоғам ХҚЕС (IAS) 39 әрекет ету саласындағы өзінің қаржылық міндеттемелерін былайша жіктейді:

- пайда немесе залал арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;

- қарыздар мен кредиторлық берешек.

Қоғамның қаржылық міндеттемелері сауда кредиторлық берешекпен ұсынылған.

Қарыздар және кредиторлық берешек

Қарыздар бастапқы танылғаннан кейін пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі бойынша амортизацияланған құны бойынша ескеріледі. Амортизацияланған күн қарыз алуға байланысты кез келген шығындарды, сондай-ақ қарыздарды өтеуге байланысты жеңілдіктерді немесе сыйақыларды назарға ала отырып есептеледі.

Егер Қоғамның төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Жіктелетін активтерді салуға немесе өндіруге тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар олар туындаған сәтте қаржыландыруға арналған шығыстар ретінде кезеңнің пайдалары мен шығындарында танылады.

Сауда кредиторлық берешек бастапқы танылғаннан кейін пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылғанда немесе олардың құнсыздануы танылғанда, сондай-ақ амортизация процесінде пайдада немесе шығында деп танылады.

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме едәуір өзгеше талаптармен сол кредитор алдындағы басқа міндеттеменен алмастырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма кезеңніңшайдасы мен залалы болып танылады.

3.3. Қорлар

Сатып алу кезіндегі қорлар кез келген сауда жеңілдіктерін, салық төлемдерін қайтаруды және басқа да ұқсас баптарды шегере отырып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі және сатып алуға байланысты импорттық (кедендік) баждар мен өзге де салықтарды, тасымалдауға (жеткізуге) байланысты шығындарды, жүктерді түсіру және өңдеу бойынша шығындарды және қорларды сатып алуға тікелей байланысты басқа да шығындарды қамтиды және қарыз қаражаты бойынша шығындарды қамтымайды.

Қорлар өзіндік құнның ең аз мәні және мүмкін болатын таза өткізу бойынша бағаланады. Қорлардың өзіндік құнын есептеу үшін Қоғам орташа өлшенген күн әдісін қолданады. Сатудың ықтимал таза құны қаржылық-шаруашылық қызметті әдеттегі жүргізу кезінде сатудың болжамды бағасы болып табылады, оны аяқтау және шығару үшін күтілетін кез-келген кез келген ықтимал одан кейінгі шығындар алынып тасталады.

3.4. Негізгі құралдар

Бастапқы тану кезінде негізгі құралдар өзіндік құн бойынша көрсетіледі, оған төленген өтелмейтін салықтар мен алымдарды және активті қолданыс мақсаты бойынша пайдалануға әзірлік жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығындарды қоса алғанда, оларды сатып алу (құру) бойынша іс жүзінде жүргізілген барлық қажетті шығындар кіреді. Актив ретінде бастапқы танылғаннан кейін негізгі құралдар объектісі жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, оның өзіндік құны бойынша есептеледі. Амортизация пайдалы қолдану мерзімі ішінде құнды біркелкі есептен шығару негізінде есептеледі. Негізгі құралдардың өтелетін құны баланстық құнынан кем екенін көрсететін белгілері болған кезде өтелетін құн бағаланады және құнсызданудан болған залалдар танылады.

Қоғам негізгі құралдардың пайдалы қызметінің мынадай мерзімдерін пайдаланады:

Негізгі құралдар тобы	Қолданылу мерзімі, жыл
Ғимараттар мен құрылыстар	5-50
Инженерлік құрылыстар, құбырлар	5-50
Кабельдік, электрлік желілер	10-25
Станоктар, крандар, қазандық және басқа да жабдықтар	3-25
Көлік құралдары	7-15
Кеңсе жиһазы және кеңсе техникасы	4-10

Әрбір ауқым ішінде пайдалы қолдану мерзімі ұқсас активтермен жұмыс тәжірибесі негізінде Қоғам басшылығының бағалауына сүйене отырып айқындалады. Пайдалы қолдану мерзімін Қоғам өз бетінше немесе бағалаушыларды тарту арқылы айқындауы мүмкін. Пайдалы қолдану мерзімі мен амортизация әдістері талданады және қажет болған жағдайда әр есептік жыл соңында түзетіледі.

Негізгі құралдар объектілеріне жұмсалатын одан кейінгі шығындардың Қоғамның активке бәйпанысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болған жағдайда оның құны сенімді бағалануы мүмкін болған жағдайда ғана құны арттырылады. Барлық басқа шығындар олар пайла болатын кезеңдегі шығындар ретінде танылады.

Негізгі құралдар объектісінің бастапқы қабылданған нормативтік қызмет ету көрсеткіштерін (пайдалы пайдалану мерзімі, қуаты, қолдану сапасы және т.б.) жақсартатын (арттыратын) шығындар ғана капиталдандырылуға (объектінің өзіндік құнын ұлғайтуға) тиіс.

Негізгі құралдарды есептен шығару шығу кезінде немесе бұл активті пайдаланудан немесе шығарудан болашақ экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті есептен шығарудан туындаған пайда немесе залал (шығарудың таза түсімі мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) актив шығарылған есептік кезеңдегі жиынтық табыс туралы есепке енгізіледі



3.5. Орнатуға арналған негізгі құралдардың құрауыштары

Орнатуға арналған негізгі құралдардың құрауыштары қосалқы мүлік, жабдықты техникалық пайдалануды қамтамасыз ететін құрылғылар болып табылады. Қосалқы мүлік пен аспаптардың ең аз көлеміне лимит техникалық нормативтерге сәйкес белгіленеді. Орнатуға арналған негізгі құралдардың құрауыштары бастапқы тану кезінде оларды сатып алу бойынша іс жүзінде жүргізілген барлық қажетті шығындарды қамтитын өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Орнатуға арналған негізгі құралдардың құрауыштары қажеттілігіне қарай немесе ықтимал пайдалану мерзімінің аяқталуына байланысты есептен шығарылады.

3.6. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер келіп түскен кезде оларды сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтер бастапқы танылғаннан кейін жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімі шектеулі, не белгісіз болуы мүмкін.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану тұрғысынан бағаланады.

Амортизация объектілердің бағаланған пайдалы қолданылу қызметінің мерзімі ішінде құнды есептен шығарудың біркелкі (тікелей) әдісі негізінде есептеледі.

Материалдық емес активтердің күтілетін пайдалы қолдану мерзімі келесі түрде ұсынылған:

	Қолданылу мерзімі, жыл
Бағдарламалық жасақтама	5 – 7

Пайдалы қолданылу мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен әдісін Қоғам кем дегенде әр есептік жылдың соңында талдайды. Болжамды пайдалы қолданылу мерзімін немесе активке енгізілген болашақ экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымын өзгерту қаржылық есептілікте жағдайға байланысты кезеңнің немесе амортизация әдісінің өзгеруі ретінде көрсетіледі және бағалау мәндерінің өзгеруі ретінде ескеріледі. Пайдалы қолданылу мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына арналған шығыстар материалдық емес активтің функциясына сәйкес келетін шығыстар санатындағы кірістер мен залалдарда танылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан туындайтын пайда немесе залал шығарудан түскен таза түсімдер сомасы мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде бағаланады және активтің қаржылық есептілікте танылуы тоқтаған кезде пайда мен шығындарда танылады.

3.7. Резервтер - міндеттемелер

Резервтер-міндеттемелер Қоғамда өткен оқиғаның нәтижесі ретінде ағымдағы міндеттемелер (заңды немесе өткен оқиғадан туындайтын) болған кезде танылады және бұл ретте міндеттемені орындау мақсатында экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауының жеткілікті ықтималдығы болады және осы міндеттеменің сомасын дұрыс айқындау мүмкіндігі болғанда танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, резервтер салықтар төленгенге дейінгі мөлшерлеме бойынша ақшаның күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі, ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және орынды болған жерде міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Дисконттауды пайдалану кезінде уақыттың өтуі салдарынан резервтің ұлғаюы қаржыландыруға арналған шығыстар ретінде танылады.

3.8. Табыстар мен шығыстар

ТабысҚоғамда шаруашылық операциялардан экономикалық пайда алу мүмкіндігі болған кезде және кіріс сомасын сенімді бағалауға болғанда танылады. Сатудан түскен табыс жанама салықтарды шегере отырып есептеледі.

Жылу және электр энергиясын өндіруден түскен табыс Қоғамның тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін ұйымдарға электр және жылу энергиясын жеткізу сәтінде есептеу әдісі бойынша танылады.

Жылу энергиясына тарифтер ХҚЕС бойынша есепке алу негіздерінен ерекшеленетін Агенттіктің арнайы нұсқаулықтарына сәйкес айқындалатын қызметтер құнына қосылған маржаны білдіре отырып, «шығындар плюс» жүйесіне негізделген.

